

## Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар кейбір Жарлықтыраны өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының заңы 1997 жылғы 9 маусымдағы N 116

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар мынадай Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200\_ Заң күші бар жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 1997 жылғы 25 қаңтарда жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Банкроттық туралы" Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 1997 жылғы 9 сәуірде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы);

1 0 - б а п т а :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) "Лотереялар (мемлекеттік (ұлттық) лотереялардан басқа) тотализаторлар, казинолар ұйымдастыру және оларды өткізу;"

2 4 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа азатжолмен толықтырылсын:

"Тиісті лицензиясыз лотереялар өткізуден түскен кірістер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен алып қоюға және "Жаңа астана" республикалық бюджеттен тыс қорына аударылуға жатады."

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 1997 жылғы 1 наурызда жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына

өзгерістер мен толықтырулар енгізу және кейбір заң актілерінің күші жойылған деп тану туралы" 1997 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 1997 жылғы 15 сәуірде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы ) ;

1 3 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы жаңа 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) төлем көзіне салынатын, жеке тұлғалар алған ұтыстар, сондай-ақ мемлекеттік ( ұлттық) лотереялар бойынша ұтыстар.";

3 2 - б а п т а :

4-тармақ мемлекеттік (ұлттық) лотерея бойынша ұтыстардан басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

3 4 - б а п т а :

5-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар банктер мен банктік емес қаржы мекемелеріндегі салымдар бойынша проценттер, сондай-ақ мемлекеттік ( ұлттық) лотереялар бойынша ұтыстар.";

мынадай мазмұндағы жаңа 9 тармақпен толықтырылсын:

"9. Заңды тұлғалардың мемлекеттік (ұлттық) лотерея өткізуден алған кірістеріне табыс салығы салынбауға тиіс."

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан

Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368

Z 9 5 2 3 6 8 \_

Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13, N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 18, 367-құжат):

149-бап мынадай мазмұндағы жаңа 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) Қазақстан Республикасының аумағында тарату үшін әкелінетін шет мемлекеттердің лотереялары."

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ